

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚАСЫ

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Ербол ТІЛЕШОВ

БАС РЕДАКТОР

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Бижомарт ҚАПАЛБЕК

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫ

Смағұл ЕЛУБАЙ

Ауыт МҰҚИБЕК

Қайыржан РАХИМЖАНОВ

ШЫҢҒЫС ЕГЕМБЕРДИЕВ

Серік ЕРҒАЛИ

Асан АМАНГЕЛЬДИЕВ

Бабақұмар ХИНАЯТ (Мажарстан)

Тілек ҚАЙЫРДЫНҰЛЫ (Моңғолия)

Сәуле СОВХОЗҚЫЗЫ (Ресей, Орынбор)

Кадыйша АБДЫБЕКОВА (Қырғызстан)

Роза БАҚБЕРГЕНОВА (Түркия)

Серікбай ҮСЕНОВ (Өзбекстан)

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Аида МҰХАМЕТҚАЛИ

МЕНШІК ИЕСІ:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің

Тіл саясаты комитеті

Альманах Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2007 жылғы 23 шілдеде №
8514-А куәлігі берілген.

МАЗМҰНЫ

«АЛАШ – ҰЛТТЫ ОЯТҚАН РУХТЫ СӨЗ» (КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕР, АҚЫН-ЖАЗУШЫ, ПУБЛИЦИСТ МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 140 ЖЫЛ)

Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл	4
Mırjaqyp Dulatūlynıñ tuǵanyna 140 jyl.....	8
Өмірхан Әбдиманұлы. Азатшыл жырдың алыбы	12
Ömirhan Äbdimanūly. Azatşyl jyrdyñ alyby.....	19
Міржақып Дулатұлы және «Қазақ» газеті	26
Mırjaqyp Dulatūly jäne «Qazaq» gazetі.....	30
Боздақова Шара. Сегіз қырлы, бір сырлы, ғалым Елдес	34
سەگىز قىرلى، بىر سىرلى، عالم ەلدەس بوزداقوۋا ش.	37
Тегімді әрең сақтап қалдым	39

СЫР СҰХБАТ

Германияда қазақ әуендерін әуелеткен Пауль мен Ольга.....	44
Germaniada qazaq äuenderın äueletken Paül men Ölga.....	49
ھەرمانىيادا قازاق اۋەندەرىن اۋەلەتكەن پاۋل مەن ولگا	53
«Қоржындарын арқалаған қазақтарды кездестірдім»: Дертіне шипа іздегендерге көмектесіп жүрген қытай қазағы	58
«Qorjyndaryn arqalaǵan qazaqtardy kezdestırdım»: Dertine şipa ızdegenderge kömektesıp jürgen qytaı qazaǵy.....	62
Баян Жалынқызы: Чемпиондыққа қол жеткізу оңай болған жоқ.....	66
Қазақстандықтарға жалынды сәлем жолдаймын – Самғар Серікұлы	68
Qazaqstandyqtarǵa jalyndy sälem joldaimyn – Samǵar Serıkūly.....	69

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

Қандастардың басын қосқан «Ұлы дала».....	70
Qandastardyñ basyn qosqan «ūly dala»	74
قانداستاردىڭ باسین قوسقان «ۇلى دالا»	77
Моңғолияның Баян-өлгей аймағында «Қазақстандық білім күндері» өтуде	82
Татарстанда Халықаралық ана тілі күні атап өтілді.....	83
Моңғолияда үздік шабандоздар марапатталды.....	85
Moñǵoliada üzdik şabandozdar marapattaldy.....	86
Шетелдегі қазақтар жайын баяндайтын «Qazaq» деректі фильмінің тұсауы кесілді	87
Şeteldeǵı qazaqtar jaiyn baiandaityn «Qazaq» derekti filminiñ tūsauy kesıldı.....	90

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Нұрбол Мұратбекұлы. Өлеңдері	92
Nūrbol Mūratbekūly. Öleñderı.....	95
Ерлан Қайса. Өлеңдері.....	98
ھالەن كەشتەم بەرشتەنەڭ ەرلان قايسا	105
Кенжегүл Сейітханқызы. Өлеңдері	109
Kenjegül Seıthanqyzy. Öleñderı.....	114
Құсыман Құмашұлы. Алтай аңыздарының алауы	119
Qūsyman Qūmaşūly. Altai aңызdarynyñ alauy.....	124

АЛҒЫСӨЗ

Қадірлі оқырман! Сіздердің назарларыңызға «Туған тіл» альманағының бірінші санын ұсынамыз. Бұл санында «Алаш – ұлтты оятқан рухты сөз», «Сыр сұхбат», «Шетел қазақтарының тынысы» және «Шетел қазақтарының шығармашылығы» атты айдарлар аясында мазмұны бай, танымдық материалдар топтастырылған.

Алаш қозғалысы – қазақ руханияты мен ұлттық сананың серпіліс кезеңі. Осыған орай, Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына байланысты жарияланып отырған «Алаш – ұлтты оятқан рухты сөз» айдарында алаштанушы ғалымдар Өмірхан Әбдиманұлының «Азатшыл жырдың алыбы» атты мақаласы мен Шара Боздақованың «Сегіз қырлы, бір сырлы ғалым Елдес» атты танымдық жазбасы ұсынылады.

«Сыр сұхбат» айдарында отандастарымыздың түрлі саладағы жетістіктері мен тағдырлы жолдары баяндалады. Бұл бөлімде Германияда қазақ әуендерін әуелетіп жүрген Пауль мен Ольганың тағылымды жолы, Қытайда дертіне шипа іздеген қандастарға қолұшын созып жүрген азамат туралы сұхбат, сондай-ақ чемпиондыққа жету жолында табандылық танытқан Баян Жалынқызы туралы әсерлі әңгіме жарияланып отыр.

«Шетел қазақтарының тынысы» айдарында қандастарымыздың өзге елдердегі мәдени өмірі мен қоғамдық белсенділігі жайлы тың деректер қамтылған. Атап айтқанда, «Ұлы дала» атты мәдени кездесулер, Татарстанда өткен Халықаралық ана тілі күні және Моңғолияда үздік шабандоздарды марапаттау сынды іс-шаралар оқырман назарына ұсынылады.

Ал «Шетел қазақтарының шығармашылығы» бөлімінде Нұрбол Мұратбекұлы, Ерлан Қайса және Кенжегүл Сейітханқызы сынды ақын қандастарымыздың көркемдік қуаты жоғары поэзиялық туындылары беріліп отыр. Бұл айдар шетелдегі қазақ ақын-жазушыларының әдеби тынысын танып, шығармашылық әлемімен етене танысуға мүмкіндік береді.

Альманах Қазақстан оқырмандарына емес, негізінен шетелдегі қазақ диаспораларына арналып, таратылатындықтан бірқатар мақалалар латын әліпбиімен және төте жазумен берілген.

Ұлт сөзінің қуаты мен рухын ұлықтайтын «Туған тіл» альманағының бұл саны көңілдеріңізден шығады деген сенімдеміз.

Редакция алқасы

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 140 ЖЫЛ



Міржақып Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада бұрынғы Торғай облысындағы Сарықопа болысында (қазіргі Қостанай облысының Жанкелді ауданына қарасты «Қызбел» ауылы) дүниеге келген. Әкесі – Дулат аты шыққан шебер, ал анасы – Дәмеш әншілікке бейім болған. Міржақып екі жаста анасынан айырылды. Әкесі балаларының үлкені Асқарды әуелі мұсылманша, одан кейін орысша оқытып, заң қызметіне бағыттады. Осы жолмен кіші ұлы Міржақыпты да оқуға береді.

Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасында оқыды. Бірақ екі жылдан кейін басқа мектепке ауысып кетті. Ол жайында өзі де жазған. «Жасым 8-ге келгенде әкем мені ауыл молдасына оқуға берген. Ол өте надан молда болатын. Қанша уақыт сол кісіден білім алғанымды білмеймін, бірақ араб тіліндегі дұғаларды жаттағанымнан басқа еш нәрсе үйренгенім жоқ», – деп жазды Дулатұлы.

Молдадан кейін Міржақып ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады. 12 жасында әкесінен айырылады. Ағасы Асқар әкесінің тілегін орындаймын деп, Міржақыпты ары қарай оқытады. Сөйтіп, 1897 жылы інісін өзі оқыған екі кластық орыс-қазақ мектебіне береді. Міржақып Ыбырай Алтынсарин негізін салып кеткен мектепте бес жыл оқып, 1902 жылы үздік бітіріп шығады. Мектеп бітіргеннен кейін мұғалімдер курсын оқып, ауыл мұғалімі мамандығын алады. 1902 жылдан бастап ауыл мұғалімі болып жұмыс істей жүріп, бос уақытын білімін жетілдіруге арнайды.

Міржақып орыс жазушыларының шығармаларымен танысып, өз бетінше оқып, орыс тілін жетік меңгерген. 6 жыл ұстаздық ету барысында көп нәрсені үйреніп, өз халқының тәуелсіздігі үшін күреске дайындалады. Оның ақындық таланты дәл осы жылдары көрінеді.

Бұл уақыт патша үкіметінің отаршылдық саясатының қазақ топырағында кең қанат жайып, халыққа қатты қысым көрсеткен кезеңі болды. Бұл жағдай қазақ халқының білімді азаматтары мен зиялы қауымының саяси тұрғыда дамуына түрткі болды.

Осындай күрделі кезеңде 1904 жылы Міржақып Омбы қаласына келіп, Ахмет Байтұрсынұлымен кездесті. 1905 жылы Міржақып Ахмет Байтұрсынұлымен бірге Қарқаралы қаласында жүргізілген қоғамдық-саяси жұмыстарға қатысты. Ол Орал және Санкт-Петербург қалаларында өткен ұлт-азаттық қозғалыстарға қатысады және конституциялық-демократиялық партия съезінің жұмысына қатысады, 1905 жылғы революциялық оқиғалар кезінде Қарқаралы қаласындағы демонстранттардың және патша өкіметіне қазақ халқының атынан петиция жазғандардың қатарында болды. Қарқаралы петициясында өлкенің әкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, азаматтық және сот ісін қазақ тілінде жүргізуді заңды түрде бекіту, отаршыл аппарат шенеуніктерін қысқарту, жоғары билік органдары мен Мемлекеттік Думаға қазақ депутаттарын сайлауға қатыстыру талаптары қойылды.

1906 жылы Петербургке барып қайтады. Бұл сапарынан Міржақып Дулатұлы саяси күрескер ғана емес, шабытты ақын болып оралады. 1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газетінде «Жастарға» деген өлеңін жариялайды. Ал бүркеншік атпен шыққан «Біздің мақсатымыз» деген мақаласынан кейін «Серке» газеті біржола жабылады. Газеттің дәл сол санын шығаруға қатысқан адамдардың барлығы жауапқа тартылсын деген үкім шығады. Мақалада Міржақып қазақ халқының басындағы қиын жағдайдың анық себептерін саралап, отарлық саясатты әшкерелеген. Патша өкіметі мақала авторын тұтқындамақ болғанмен бүркеншік аттың иесін таба алмайды.

Міржақып Дулатұлының көптеген әңгімелері лақап аттармен шыққан. Оның жиі қолданған есімдері: Азамат, Мадияр, Таймінер, Түрік баласы және Арғын баласы.

Міржақыптың алғашқы өлеңдер жинағы 1909 жылы Қазан қаласында «Оян, қазақ!» деген атпен жарық көрді. Бұл кітаптың қазақ оқырмандарына әсері өте күшті болды. Кітап жас авторды патша билеушілерінің қудалауына алып келді, оны тергеу органдарының бақылауына алды, содан кейін кітаптың бүкіл таралымы тәркіленді.



Үш алып – Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы. Орынбор, 1913 жыл.

1909-1911 жылдары ол Қызылжар қаласының сот кеңесінде қызметін жалғастырып, оқу жұмысын жаңартып, қазақ балаларына орыс тілінен сабақ берді. Бұл кезде Мағжан ондан біраз уақыт сабақ алды. 1910 жылы Каримовтың Қазан қаласындағы баспасында

оның «Бақытсыз Жамал» романы жарық көрді. Ол әртүрлі жерлерде жарияланған қазақ басылымдарына, әсіресе «Айқап» журналына жиі жазды.

Міржақып 1911 жылы Қызылжардан Семей облысына жіберіліп, халықтың өмірін өз көзімен көру үшін қазақ ауылдарын аралайды. Бұл жерде патшаның құпия полициясының көзіне түсіп, «Жұмбақ» өлеңі үшін бір жарым жылға қамауға алынды. 1912 жылы ол Орынборға келді. Аз санды қазақ зиялыларымен кеңескеннен кейін, халықтың санасына әсер етуді жалғастыру мақсатында көкейкесті тақырыптарда мақалаларын жариялауды бастайды. М.Дулатұлы А.Байтұрсыновпен бірге алғашқы демократиялық ағартушылық бағыттағы «Қазақ» газетінің (1913-1918) негізін қалайды.

1913 жылы Орынборда «Азамат», ал 1915 жылы «Терме» атты өлеңдер жинағы басылды. Ақын өлеңдерінің басты тақырыбы – ел тағдыры.



1914 жылы 14 мамырда Міржақып Дулатұлы Омбы қаласында өмір сүрген Ғайнижамал Баймұратқызымен бірге отбасын құрады. Ақынның қызы Гүлнар Дулатқызының естеліктеріне сүйенсек, үйлену тойы Омбы қаласының жанындағы Коломзино станциясының мейрамханасында өткен еді. Үйлену тойынан кейін жаңа үйленген Дулатовтар бірден Орынбор қаласына кетіп, «Қазақ» газетінің жұмысына белсене араласады.

1917-1918 жылдары Міржақып Алаш қозғалысының жұмысына кірісіп, аумалы-төкпелі жылдары ел тәуелсіздігіне қатысты мәселелермен айналысады. 1917 жылы маусым-желтоқсанда өткен жалпы қазақ съездерінің жұмысына қатысты. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ол біраз уақыт Орынбордағы газет-журналдарда жұмыс істеді.

1920 жылы Ташкентке келіп, сол жерде «Ақ жол» газетінің редакциясында, содан кейін Семей облысының әділет органдарында жұмыс істеді. Сол жылдары Міржақып әдебиет пен арифметика бойынша оқулықтар жазды, Фирдоуси, Крылов, Пушкин, Лермонтов және Шиллердің шығармаларын қазақ тіліне аударды.

1921-1922 жылдардағы ашаршылық кезінде Алаш зиялыларының өкілдері аштыққа көмектесу үшін қаражат жинай бастады, бұл істі Міржақып Дулатұлы мен Жүсіпбек Аймауытов басқарды. Бірнеше айдың ішінде олар 15 мың ірі қара жинап, аштыққа

ұшыраған елге таратып берді.

1922 жылы ешбір себепсіз абақтыға жабылады. Бірақ бұл әділетсіздік ұзаққа созылмай, Семейден Орынборға жөнелтілген бойда қамаудан босатылады. Түрмеден шыққан соң 1922–1926 жылдары Орынбордағы ағарту институтында оқытушы болып істейді. Екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын» әзірлеп, Ташкент қаласында бастырып шығарады. «Балқия» атты төрт перделі пьеса жазады. 1924 жылы Орынборда екі жылдық «Қирағат кітабы» (хрестоматиялық оқулық), Қызылордада «Есеп құралының» жаңа басылымы жарық көрді.



А.Байтұрсынұлы 1926 жылы Бакуде өтетін Түрік білімпаздары съезіне барарда шығарып салуға жиналған інілері. Отырғандар солдан оңға қарай: Х.Ғаббасов, М.Дулатұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов. Тұрғандар: Ж.Аймауытов, Ә.Марғұлан, А.Байтасов.

1925-1928 жылдары Міржақып Дулатұлы сол кездегі ел астанасы – Қызылорда қаласында өмір сүрді. Онда ол бірнеше туындылар жазды.

1928 жылы кеңестік тоталитарлық жүйе қайтадан Міржақыпты тұтқындады. Түрменің көрші камераларында Жүсіпбек Аймауытұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы онымен бірге отырды. Ұзақ тергеуден кейін М.Дулатұлы өлім жазасына кесілді, бірақ көп ұзамай жаза 10 жылға ауыстырылды. Алдымен Бутырка түрмесінде болды, содан кейін Соловецкий лагеріне жер аударылды.

Мұстафа Шоқай Франциядан келген Карелия сауда кемесіне кірген кезде, Міржақыптың лагерден қашуын ұйымдастырған болатын. Алайда, Міржақып өз отбасының тағдырын ойлап, қашудан бас тартты.

1930 жылы ол Ақ теңіз-Балтық каналын салуға қатысты. Қайраткер 1935 жылы 5 қазанда Карелиядағы Беломорск ауданының Сосновец теміржол станциясында қайтыс болды.

**Материалды дайындаған
Мейрамбекқызы Динара**

MIRJAQYP DULATŪLYNYŇ TUĞANYNA 140 JYL



Mırjaqyp Dulatūly 1885 jyly 25 qaraşada būrynğy Torğai oblysyndağy Saryqopa bolysynda (qazipgi Qostanai oblysynyñ Jankeldı audanynda qarasty «Qyzbel» auyly) dünıege kelgen. Äkesi – Dulat aty şyqqan şeber, al anasy – Dämeş äñşilikke beıim bolğan. Mırjaqyp eki jasta anasyndan aiyrıldı. Äkesi balalarynyñ ülkeni Asqardy äueli müsylmanşa, odan keiın orysşa oqytyp, zañ qyzmetine bağyttady. Osy jolmen kısı üly Mırjaqypty da oquğa beredi.

Alğashqyda bala Mırjaqyp auyl moldasynda oqydy. Bıraq eki jyldan keiın basqa mektepke auysyp ketti. Ol jaiynda özi de jazğan. «Jasym 8-ge kelgende äkem meni auyl moldasynda oquğa bergen. Ol öte nadan molda bolatyn. Qanşa uaqt sol kısıden bıım alğanymdy bımeimın, bıraq arab tilindegi dūğalardy jattağanymnan basqa eş närse üirengenim joq», – dep jazdy Dulatūly.

Moldadan keiın Mırjaqyp auyl mektebinde orysşa oqytatyn Mūqan mūğalımnı dāris alady. 12 jasynda äkesinen aiırylady. Ağasy Asqar äkesiniñ tilegin oryndaimyn dep, Mırjaqypty ary qaray oqytady. Söitip, 1897 jyly inisin özi oqyğan eki klastyq orys-qazaq mektebine beredi. Mırjaqyp Ybyrai Altynsarin negızın salyp ketken mektepte bes jyl oqyp, 1902 üzdık bitirip şyğady. Mektep bitirgennen keiın mūğalımdır kursyn oqyp, auyl mūğalımy mamandyğyn alady. 1902 jyldan bastap auyl mūğalımy bolyp jūmys isteı jürıp, bos uaqtyn bıılımın jetildiruge arnady.

Mırjaqyp orys jazushylarynyñ şyğarmalarymen tanysyp, öz betinşe oqyp, orys tilin jetik meñgergen. 6 jyl üstazdyq etu barysynda köp nārseı üirenip, öz halqynyñ täuelsızdıgı üşin küreske daiyndalady. Onyñ aqyndyq talanty dāl osy jyldary körinedi. Būl uaqt patşa ükımetiniñ otarşyldyq saiasatynyñ qazaq topyrağynda keñ qanat jaiyp, halyqqa qatty qysym körsetken kezeñi boldy. Būl jağdai qazaq halqynyñ bııımdı azamattary men zialy qauymynyñ saiasi tūrğyda damuyna tūrtkı boldy.

Osyndai kürdeli kezeñde 1904 jyly Mırjaqyp Omby qalasyna kelip, Ahmet Baitūrsynūlymen kezdesti. 1905 jyly Mırjaqyp Ahmet Baitūrsynūlymen birge Qarqaraly qalasyna jürgizilgen qoğamdyq-saiasi jūmystarğa qatysty. Ol Oral jäne Sankt-Peterburg qalalarynda ötken ūlt-azattyq qozğalystarğa qatysady jäne konstitusialyq-demokratialyq partia seziniñ jūmysyna qatysady, 1905 jylğy revolüsialyq oқиғalar kezinde Qarqaraly qalasynağy demonstranttardyñ

jәне patşa ökımetine qazaq halqynyñ atynan petisia jazğandardyñ qatarynda boldy. Qarqaraly petisiasynda ölkenni äkimshilik basqaru jüiesin qaita qarau, azamattyq және sot ısın qazaq tilinde жүргізуді заңды түрде bekıtu, otarşyl aparat şeneunikterin qysqartu, joğary bilik organdary men Memlekettik Dumağa qazaq deputattaryn sailauğa qatystyru talaptary qoiyldy. 1906 jyly Peterburgke baryp qaitady. Bül saparynan Mirjaqyp Dulatuly saiasi küresker ğana emes, şabytty aqyn bolyp oralady. 1907 jyly Peterburgte şyqqan «Serke» gazetine «Jastarğa» degen öleñin jarialaidy. Al бүrkenşik atpen «Bızdın maqsatymyz» degen maqalasynan keiin «Serke» gazeti birjola jabylady. Gazettiñ дәл sol sanyn şyğaruğa qatysqan adamdardyñ barlyğy jauapqa tartylsyn degen ükim şyğady. Maqalada Mirjaqyp qazaq halqynyñ basyndağy qiyn jağdaıdyñ anyq sebepterin saralap, otarlyq saiasatty äşkerelegen. Patşa ökımeti maqala avtoryn tütqyndamaq bolğanmen бүrkenşik attyñ iesin taba almaidy. Mirjaqyp Dulatulynyñ köptegen äñgimeleri laqap attarmen şyqqan. Onyñ jii qoldanğan esimderi: Azamat, Madiar, Taiminer, Tүrik balasy және Arğyn balasy. Mirjaqyptyñ alğaşqy öleñder jinağy 1909 jyly Qazan qalasynda «Oian, qazaq!» degen atpen jaryq kördi. Bül kıtaptyñ qazaq oqyrmandaryna äseri öte küşti boldy. Kıtap jas avtory patşa bileuşileriniñ qudalaunya alyp keldi, ony tergeu organdarynyñ baqylauyna aldy, sodan keiin kıtaptyñ бүkil taralymy tärkilendi.



Üş alyp – Ahmet Baitürsynuly, Älihan Bökeihanov, Mirjaqyp Dulatuly. Orynbor, 1913 jyl

1909-1911 jyldary ol Qyzyljar qalasynyñ sot keñesinde qyzmetin jalğastyryp, oqu jümysyn jañartyp, qazaq balalaryna orys tilinen sabaq berdı. Bül kezde Mağjan onymen biraz uaqyt birge oqydy. 1910 jyly Karimovtyñ Qazan qalasyndağy baspasynda onyñ «Baqytsyz Jamal» romany jaryq kördi. Ol ärtürlı jerlerde jarialanğan qazaq basylymdaryna, äsirese, «Aiqa» jurnalyna jii jazdy.

Mirjaqyp 1911 jyly Qyzyljardan Semei oblysyna jiberilip, halyqtyñ ömirin öz közimen körü üşin qazaq auyldaryn aralaidy. Bül jerde patşanyñ qüpia polisasynyñ közine tüsip, «Jümbaq» öleñi üşin bir jarym jylğa qamauğa alyndy. 1912 jyly ol Orynborğa keldi. Az sandy qazaq zialylarymen keñeskennen keiin, halyqtyñ sanasyna äser etudi jalğastyru maqsatynda kökeitesti taqyryptarda maqalalaryn jarialaudy bastaidy. M. Dulatuly A. Baitürsynovpen birge alğaşqy demokratialyq ağartuşylyq bağyttağy «Qazaq» gazetiniñ (1913-1918) negizin qalaidy.

1913 jyly Orynboarda «Azamat», al 1915 jyly «Terme» atty öleñder jinağy basyldy. Aqyn

өлеңдерінің басты тақырыбы – ел тағдыры.



1914 jyly 14 мамырда Міржақып Дулатұлы Омбы қаласында өмір сүрген Ғайнижамал Бәймұратқызымен бірге отбасын құрады. Ақынның қызы Гүлнар Дулатованың естеліктеріне сүйенсек, үйлену тойы Омбы қаласының жанындағы Колумзино станциясының медресасында өтті. Үйлену тойынан кейін жаңа үйленген Дулатовтар бірден Орынбор қаласына кетіп, «Қазақ» газетінің жұмысына белсене араласady.

1917-1918 жылдары Міржақып Алаш қозғалысының жұмысына қысып, аумалы-төкпелі жылдары ел тәуелсіздігіне қатысты мәселелермен айналысady.

1917 жылы маусым-желтоқсанда өткен жалпы қазақ сездерінің жұмысына қатысты. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ол біраз уақыт Орынбордағы газет-журналдарда жұмыс істеді.

1920 жылы Ташкентке келіп, сол жерде «Ақ жол» газетінің редакциясында, содан кейін Семеі облысының әділет органдарында жұмыс істеді. Сол жылдары Міржақып әдебиет пен арифметика бойынша оқулықтар жазды, Фирдоуси, Крылов, Пушкин, Лермонтов және Шиллердің шығармаларын қазақ тіліне аударды.

1921-1922 жылдардағы ашаршылық кезінде Алаш зиялыларының өкілдері аштыққа көмектесу үшін қарajat жинай бастady, бұл істі Міржақып Дулатұлы мен Жүсіпбек Аймауытов басқарды. Бірнеше айдың ішінде олар 15 мың ырық жинап, аштыққа ұшыраған елге таратып берді.

1922 жылы ешбір себепсіз абақтыға жабылды. Бірақ бұл әділетсіздік ұзаққа созылмай, Семеіден Орынборға жіделтілген бода қамандан босатылды. Түрмеден шыққан соң 1922–1926 жылдары Орынбордағы ағарту институтында оқытушы болып істеді. Екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын» әзірлеп, Ташкент қаласында бастырып шығарды. «Балқия» атты төрт перделі песа жазды. 1924 жылы Орынборда екі жылдық «Қирағат кітабы» (хрестоматиялық оқулық), Қызылордада «Есеп құралының» жаңа басылымы жарық көрді.

1925-1928 жылдары Міржақып Дулатұлы сол кездегі ел астанасы – Қызылорда қаласында өмір сүрді. Онда ол бірнеше туындар жазды.

1928 жылы кеңестік тоталитарлық жүйе қайтадан Міржақыпты тұтқындady. Түрменің көрші камераларында Жүсіпбек Аймауытұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы онымен бірге отырды. Ұзақ тергеуден кейін М. Дулатұлы өлім жазасына кесілді, бірақ көп ұзамай жаза 10 жылға ауыстырылды.

Aldymen Butyrka түрмесінде boldy, sodan keiін Soloveski lagerine jer audaryldy.



A.Baitürsynұly 1926 jyly Bakude ötetin Tүrik bilımpazdary sezine bararda şyğaryp saluğa jinalğan ınıleri. Otyrğandar soldan oñğa qarai: H.Ğabbasov, M.Dulatұly, A.Baitürsynұly, M.Äuezov. Tūrğandar: J.Aimaıytov, Ä.Marğūlan, A.Baitasov.

Mūstafa Şoqai Fransiadan kelgen Karelia sauda kemesine kırgeı kezde, Mırjaqpytyñ lagerden qaşuyn üiymdastyrğan bolatyn. Soğan qaramastan, Mırjaqyp öz otbasynyñ tağdyryn oilap, qaşudan bas tartty.

1930 jyly ol Aq teñiz-Baltyq kanalyn saluğa qatysty. Qairatker 1935 jyly 5 qazanda Kareliadağy Belomorsk audanynyñ Sosnoves temırjol stansiasynda qaitys boldy.

*Materialdy daiyndağan
Meirambekqyzy Dinara*





Өмірхан Әбдиманұлы
*Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

АЗАТШЫЛ ЖЫРДЫҢ АЛЫБЫ

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласындағы күрделі қоғамдық-әлеуметтік жағдайды поэзиялық туындыларында анық та айқын бейнелеп, ұлт-азатшыл идея ұстанымдарына қажетті ой-танымды ашық айта алған сөз өнері шеберінің бірегейі – Міржақып Дулатұлы. Ол – тек әдеби шығармашылықпен ғана айналысып қоймай, қоғамдық өмірдің бар саласында өзіндік із қалдырып, саңлақ санаткер, көрнекті қоғамдық-саяси қайраткер, ұлт азаттығы жолындағы күрескер ретінде де танылған тұтас тұлға. Сан қырлы дарын иесінің ел игілігі үшін жасаған ұлан-ғайыр еңбегінің ішінде, әрине, әдеби шығармашылығының орны бөлек-ақ. Ақын әдебиетке «Оян, қазақ!» деп ұрандата келіп, өзінің тұңғыш өлеңдер жинағымен қазақ поэзиясына намысты жанр жалынды жыр, сананы серпілтер отты өлең, азатшыл сарын әкелді.

Қажет кезінде, дәл уақытында халқының арман-мақсатының діттеген жерінен шыққан ақынның ойлы өлеңдері талай ұрпақтың жүрегінде жатталып, көңіл түпкірінен кетпестей боп орын тепкені анық. Ұзақ жылдар бойы тек қараланып ғана келіп, аты ашық түрде аталмаса да, ел есінде Міржақып есімі азаматтық пен күрескерліктің белгісіндей бедерленіп қалған-ды. Кейбір әдеби зерттеу еңбектерге өлеңдері сыналай кіріп, сыналып жатса да, сол сынға алынған шағын үзінділердің өзінен-ақ Міржақыптың халық қасіретін жанымен түйсініп, ұлт азаттығын шығармашылығының алтын арқауы еткені сезіліп-ақ тұратын.

Міржақыптың қазақ әдебиетіндегі орнын кезінде өз замандастары мейлінше жоғары бағалап, халық үшін еткен еңбегін танып та, танытып та кеткен. Мәселен, Мағжанның «Жауға түскен жанға» (МД-ға хат) өлеңіндегі мына жолдар соның нақты айғағы:

// «Оян!» – дедің жұртыңа, // Бас көтеріп, тірлік қыл!» // Ақыл айттың ұлтыңа, //
«Таста, талас, бірлік қыл ... // Келешек күнде қағазға, // Алтынмен жазар атыңды, //
Құшақтап сүйер, қағазда, // Көрсен жазған хатыңд. // [1, 61-62].



XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алып тұлғасы, ұлы ақын Мағжан өз ұстазының жасампаздық ғұмырына сәуегейлік танытып, тап басып, тауып айтқан. Бүгінгі күнде ақиық ақынның айтқаны айдай келіп отырған жоқ па?!

Міржақып Дулатұлы – «Оян, қазақ!» атты алғашқы жинағының өзінен-ақ ақындық өнердегі басты мақсаты мен шығармашылық бағыт-бағдарын нақты аңғартқан ақын. Осынау алғашқы кітапқа эпиграф ретінде берілген төрт жол өлеңге қаншалықты мән-мағына сыйып кеткен десеңізші!.. Сол тұстағы қазақ халқын құрсауға алған төрт түрлі кесепат түгел тізіле көз алдыңызға тұра қалып, бейнелі сурет отаршылдықтың торына түскен санаға саңылау ашқандай:

// Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты, // Өткізбей қараңғыда бекер жасты. // Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп, // Қазағым, енді жату жарамас-ты. // [2, 24].

Осы төрт жолдан ақынның бүкіл тыныс-тіршілігінің болмысы танылғандай. Елі әлгіндей күйде болғанда, ақын жүрегі қалай тебіренбей тұра алсын? Ұлт санасын өлеңмен «оятуға» ұмтылған ақын негізгі, түйінді мәселелерді нақты айқындап, назар салар тұсты дәл меңзейді. Әлгі төрт кесепаттан туындайтын зар-мұң бүкіл жинақтың өн бойына өзек болуы да сондықтан.

«Оян, қазақтағы» өлеңдерінде ақын, ең алдымен, бодан болудың себеп-салдарына үңіліп, ел-жұртын қасіретке жетелеген кесірлі жолдың кезеңдерін айқындайды. Содан соң барып, ұлт басына үйірілген қауіп бұлтын сейілтудің «дауылды» тәсілдерін меңзеуді мақсат тұтады. Міндет – ең алдымен, ел ағаларына ой түрткі салу. Ұрпақ алдындағы борыш кімге болса да оңай тимесі белгілі. Сондықтан да ақын ой-өрісі өз құлқынын ойлаудан әрі аспағандарды қатты сынға алады. Бұндай сәттердегі Міржақыптың өткір де қатты сөздері мірдің оғындай діттеген жерге дәл тиеді. *// Қызығып қызарғанға кеткендер көп, // Шен алып, дәрежеге жеткендей боп. // Ойлайды өз пайдасын халықты сатып, // Қазақты еш керексіз еткендей боп. //*

«Шен алып, шекпен кигеніне» мәз болғандардың туған халқын сатып, «көсегесін көгертіп» жатқаны ақын жанын қалай өртемесін. Іштен шықан озбырлардың сыртқы жаудан асып түсері бесенеден белгілі. Ақынның оларға қатты шүйлігуі де сондықтан. Батыра айтып, көзге шұқу өз жұртын жек көруден туған сезім емес, ел қамын жеген

ақынның ащы сөзбен жеріне жеткізе айтып, жаман қылықтан жирендіріп, жақсы мінезге бейімдеуді ойлаған амал-қаракеті.

Тәуелсіздік күресіндегі Міржақыптың басты сүйенер тірегі – өзі тектес, ойы үндес зиялы қауым. Ол Әлихандай, Ахметтей ел тұлғасына айналған ағалары нұсқаған “ақ жолға” сенім артып, үнемі үміт шырағын жағып отырады. Ақынның ел ағаларына деген ыстық ықыласы мен құрметі “Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға” атты өлеңінен көрініс тапқан: // *Жау жүрек, қыран көзді арыстаным, // Жан қиып, халқың үшін қарысқаның. // Қатардан қазақ сорды қалдырмасқа, // Бәйгеге ұлы дүбір жарысқаның. //*



Жұрт қамын жеке бас мүддесінен жоғары қоя білген азаматтардың көшбасшылық көсемдігін асқақтатудағы ақын мақсаты – кейінгіге ісі үлгі ұлт жақсыларының халыққа еткен еңбегінің ертеңгі жемісіне сендіру. Мақсат бір, тілек ортақ болғандықтан ақын олар атқарар ұлы міндеттердің ілкі бастауларына үнемі сәттілік пен жеңіс тілейді. // *Шешен тіл парасаттың саясында, // Ететін талмай қызмет, данышпаным, // Атқан оқ, сермеген қол қата кетпей, // Түскейді табаныңа бар дұшпаның. //*

Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» мен өзге жинақтарындағы өлеңдерінің ағысы бір қайнардан бастау алып, құйылысы бір арнада тоғысып жатады. Өйткені оның бүкіл шығармашылық өрісі ұлт-азаттық идея, ұлт-азатшыл күреспен біте қайнасып кеткен. Ақын өлеңдеріндегі саяси үн өзге мәселеден басымдау түсіп, ерекшеленіп тұратыны шындық. Әрине, бұған қарап Міржақып поэзиясы ағартушылық міндеттерден, әлеуметтік ой-жүйеден алшақтап, тек саяси үгіт жетегінде кетіп қалды деуге мүлде болмайды. Оның шығармаларындағы өнер-білімге үндеу, әлеуметтік теңсіздік мәселелерін жырлау саяси көзқараспен жымдаса келіп, шешімін тапқан. Ақынның шығармашылық жасампаздығының ерекшелігі де осында деп білеміз.

Кезінде «Оян, қазақ!» орыс әкімшілігінің аса қатты шүйлігуінің сыры Міржақып өлеңдерінен отаршыл саясатты батыл сынаудың көрініс тауып, бодандыққа қарсы тұруға үндеген үгіттің ашық түрде айтылуында болатын. Ақын бұл бағытынан еш айныған емес. Ол азаттық күресті өз туындыларына өзекті тақырып ете білді. Міржақып поэзиясындағы азаматтық сарын ақындық шеберлікпен ұштаса келіп, оқырманды

лезде ұйытар ойлы да нәрлі рухы биік ұранға айналып, көңіл түкпіріне құйылып түсіп жатады. Сөйтіп жинақтағы өлеңдер бір-бірімен сабақтаса келіп, бөлінбес біртұтас бүтін дүниеге айналып сала береді. Бұның өзі оның өлеңдеріндегі тақырып аясының бірлігін танытса керек-ті.

«Оян, қазақ!» кітабының соңғы «нүктесі», «Сөз ақыры» өлеңімен қойылады. Мұнда ақын жинақтағы азды-көпті дүниесін жазудағы мақсатын қорытындылауды және өлең өлкесіне келуіне шығармашылығымен түрткі салып, үлгі болған ұстаз тұтар ұлылар тобын таныстыруды мақсат еткен: *// Орыста Пушкин, Гоголь һәм Лермонтов, // Крылов, Тургеневтер кеткен өтіп. // Қартайып бұл уақытта Толстой тұр, // Өзіне мәслихаттан ерлерді ертіп. // Қазақта бұлар теңдес бар ғой шешен, // Халықтан мойны озып болған көсем, // Семейден шықты Абай Құнанбаев, // Сөзінде қате бар ма сынап көрсең. // Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей, // Сөзі алтын, мағынасы меруерттей. // Оқыған гибрат алып жас жігіттер, // Һәммәсы өз халқына қызмет еткей...//*

Міржақып – өзі де ұлт бостандығы үшін қызмет етудің үлгісін танытқан, ұлт-азаттығына, ел тәуелсіздігіне бар саналы ғұмырын арнаған, осы бағытта талай тағдыр талқысына түсіп, соның бәрін туған елі үшін мойымай көтерген, замана талабына сай поэзиясына ұлт тағдырын арқау еткен азамат ақын.

«Оян, қазақ!» қазақ халқы үшін қаншалықты бағалы болғандығына «Қазақ» газетіндегі Міржақып берген хабар дәлел. Патша жандармериясының тіміскілеуіне, 1916 жылғы маусымнан кейінгі жазалау мен аласапыран күйзеліске қарамастан, бұл кітапты елдің көзі ашық азаматтары көзінің қарашығындай сақтаған. Әлгі хабарламада фельдшер Жұмағали Тілеулиннің үйінде «Оян, қазақ» кітабының 1 мың данасының сақталғаны, іздеушілер сол жерден сатып алуға болатындығы айтылған [3].

Әрине, «Оян, қазақ!» – Міржақыптың ақындықтағы алғашқы қадамы. Сондықтан онда өлең өрнегінің олқы соғып, тілдік қолданыс кемшіндігі көзге ұрар сәттер кездесіп қалатыны рас. Өз кезінде бұл туралы С.Торайғыров кейінгі «Азаматты» қоса отыра, «Айқапта» басылған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» [4] атты сыни мақаласында біраз пікір білдірген болатын. Өлеңдерінде тіл шұбарлығына жол беріп алғандығын Міржақыптың өзі де мойындайды. Ол «Қазақ» газетінде жарияланған «Тіл құралы» атты мақаласында: «...Ноғай газеті, кітаптарында көп ұшырасатын араб, фарсыны шын әдеби тіл осы екен деп аңғармадым. 1908 жылы (О.Қ.)-ды жазып жүргенімде әлгі «Әдеби тілдерді» неғұрлым көбірек кіргізу жағын ескерусіз қалдырмадым. Сол жылдарда Абай кітабы һәм «Қырық мысалды» көргенімде өзімнен өзім ұялдым. Өзімнің һәм өзім секілділердің адасып жүргенін сонда білдім» [5], - деп жазады. Міржақыптың екінші өлеңдер жинағы «Азамат» деген атпен 1913 жылы Орынборда басылып шықты. Бұл кітаптың сыртқы бетінде ақынның: *// Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш, // Емесін жемісі көп тамаша ағаш. // Қалғаниша жарты жаңқам мен сенікі, // Пайдалан шаруаңа жараса, алаш! //* деген бір шумақ өлеңі басылған. Бұл – бүкіл ғұмырын туған елінің азаттығына арнаған азамат ақынның жан сыры.

Ақынның «Азамат» жинағындағы жырлары езілген елінің мұңлы күйін суреттеп, еркіндікті көксеген халқының кекті намысын қайрауға, көңіл түкпірінде бұғып жатқан отты арманның шоғын тұтатуға арналған. Бұл жинақта ел теңдігін өзек еткен өршіл өлеңдердің ғана орын алғаны шындық. *// Көп құлағы мақтаменен тығулы, // Қасқыр қуып, үріккен қойдай ығулы. // Құбыжық бар десе қорыққан баладай, // Су жүрек*

боп сорлы қазақ бұғулы. // Жалыны ыстық жас ғұмырым шыдатпай, // Теріс істі пәк ұжданым ұнатпай, // Тоқтай алмай басым тасқа жеткенше, // Қарсы шауып қайралған өткір болаттай... // Жаудың бетін қажып тұрмыз бұра алмай, // Бұрмақ түгіл шыдап қарсы тұра алмай. // Күннің көзін қара бұлыт жасытып, // Күлімсіреп нұрын шашып шыға алмай. //

Міржақып – ел жайы десе елең етіп, халқының азаттығы жолындағы күреске басын байлаған ақын. *// Аяусыз жаным, мен құрбан лағың, // Болса алуға, қаным себеп, мұрадың. // Болайын сүйінші: жұлдызы жанып бақыттың, // Сені көркейді деп естісе құлағым, //* - дейді ол «Арманым» атты өлеңінде.

Ақынның үшінші жинағы «Терме» 1915 жылы Орынборда жарық көреді. Екі кітапта ортақ тақырыптық байланыс болғандықтан, біз оларды қатар ала отырып қарастыруды жөн көрдік. Бұл жинақтардан ақындық шеберлігі жетілген, өлең өнерін мейлінше меңгерген, ой айтудың астарлы сырын ұстанған ақынды танимыз. Жаңа жинақтарда да «Оян, қазақтағы» өршіл сарын сақталғанмен, ақынның нәзік жанын, сыршыл сезімін ашар лирикалық сипаттың бой көрсетуі де көзге түседі. Кеше ғана «оян, халқым» деп, адуынды келетін «ащы айқай» ақыны жүректі тербер жыр жазып, өз оқырманын лирикасының терең тұңғиығына жетелеп, көркемдік сырына қанықтыра түседі. Осынау жинақтардағы өлең өрнегінен тың теңеулерді, бейнелі образдарды, сыршыл суреткерлікті байқаймыз. Дегенмен Міржақып өзі ұстанған бағытына берік, қатты сынды қаймықпай, батыл айту – ақын поэзиясының алтын қазығы. *// Ақылын жанашырдың алмаушы едің, // Сөзіне сірә құлақ салмаушы едің. // Қымызға шекең қызып, етке тойсаң, // Пайдасыз құрғақ дауға талмаушы едің. // Жаз жимай қыс азығын жатушы едің, // Арзанға қымбатыңды сатушы едің. // Ермекпен табар пайдаң болмаған соң, // Борышқа шаш-етектен батушы едің. //*

Жинақтағы осы сияқты қатқыл үнді, қатал сындар кейде сырлы да мұңлы, сезімге толы лирикалық өлеңдермен алмасып отырады.

«Термеге» жазған алғысөзінде Міржақып: «Бұл өлеңдер мұнан алты-жеті жыл бұрын қазақта газет, қағаз, журнал жоқ кезде жазылған еді. Сондықтан көбінесе оқып жүрген жастарға арналып, оларды ояту, білім-ғылымға шақыру, халықты надандықтан құтқаруға үндеп, сол рухта жазылған. Бұрынғы күйінен артық өзгертпедім», - дейді.

Өз шығармашылығын мақтауды аса ұната қоймайтын, өзін «ойпаңға өскен аласаға» теңей беретін ақын алғашқы балаң жырларымен-ақ ел құрметіне бөленген-ді, ендеше уақыт тезінен өткен өлеңдерді кәдесіне жаратуды қалауы көңілге қонымды-ақ.

// Ақылы кәміл жігіттер, // Заманның көз сал һалына. // Халқыңның ойлап пайдасын, // Өзің үшін налыма. // Немесе // Жүгенсіз өскен бас асау, // Айтқанға қайтіп көнеді. // Көңіл батыр, тіл қорқақ, // Айтатын сөзім көп еді.

деген жолдар кедір-бұдырсыз, мінсіз тізілген шырайлы шумақтар емес пе?! Көкірегін жарып шыққан асыл сөздерін бір кезде жазылып еді деп, ақын күресінге қалай лақтырып тастасын. «Азамат» пен «Термеге» енген өлеңдерінің кейбірі алғаш «Қазақ» газетінде жариялағанын еске алсақ, Міржақыптың жоғарыда айтқан сөздері шындық. Міржақыптың «Қиял», «Шәкірт», «Сағыну», «Елім-ай», «Потанинге», «Алашқа», «Қайда едің» т.б. өлең-жырлары алғаш «Қазақта» жарияланып, қалың елге сол арқылы тарады. Ол уақытпен үндесе жазылған өлеңдеріне кейін аса көп түзету енгізбеген.

Қос жинаққа енген Міржақып өлеңдерінің тақырып ауқымы өте кең. Жоғарыда атап

өткеніміздей «Қиял», «Сағыну» тәрізді өлеңдері ақынның ішкі сезім күйіне құрылса, «Жұт» қазақ жұртының ауыр тағдырын арқау етіп, тіршілік-тұрмыс шындығын бейнелейді. Соңғы өлеңде ақын доңыз жылғы қыстан «Сан байлар жүген ұстап» қалған қиындықты айта келіп, елді еңбекке, қам-қарекет қылуға шақырады. Сол ауыр жылғы жұтты құр суреттеп қана қоймай, оның себеп-салдарына үңіліп, сырын ашуға тырысады.

Жаз туса, бейқам едің қыс жетпестей,
Қызық түн бастан, сірә, неш өтпестей.
«Жаратқан құдай артық халықпыз»,

Қолыңнан төрт түлік мал бір кетпестей,— деп, жұрт қиындығын табиғаттың дүлей күшімен бірге «Сақтанбай, салақ өскен жалқау жұрттың» бейқамдығынан көреді. Сөйтіп, кәсіпсіз жұрттың күн көруінің ауыр екенін ескертіп, оқырманға замана тұрқының өзгермелілігін аңғартады. Әрине, Міржақып жырларының өз кезінде насихаттық қызмет атқарғанын жоққа шығара алмаймыз. Ақын өмір сүрген дәуір қисыны осыны қажет еткенді.

М.Дулатұлының «Елім-ай», «Алашқа» атты зар заманның мұңына толы өлеңдері — ұлтының тағдырын ойлап теңселген ақынның азаматтық жан айқайы. Міржақып «Елім-айы» бұрынғы «Елім-ай» сарыны емес, сыртқы зымысқы жау мен ішкі озбырлардың әрекетінен азып-тозған, атамекен жерінен, сеніміне серік еткен дінінен, ел тірегі бірлігінен, жандүние тіні ішкі ділінен айырылып, боз далада тоз-тоз болып боздаған елдің ащы зары. Әйтсе де, өлеңдегі бойға у боп тараған дәмі кермек сөздердің астарында зор үміт, мол сенім бар. Қамқор ақын қамсыз-күйсіз ел үшін қанша күйініп, уытты сөзбен түйресе де сол елден шыққан өзіне, өзі секілді ел азаматтарына сенім артады. Сондықтан да ақын халқының отаршылдық тозағына күйіп тұрған уақыттағы күйзелген күйіне қабырғасы қайыса отырып, ертеңгі күнге үмітпен қарап, келешектің кемелдігіне шек келтірмей былай дейді: *// Сол күнін көрсем-менің арманым, // Жоқтамас ем, өзге тілек қалғанын...*

Ақынның «Алашқа» атты өлеңі — сұрау-арнау үлгісімен жазылған ұзақ толғау. 1916 жылдың дүрбелеңіне енді аяқ басқалы тұрған халықтың ішкі арпалысын, шарасынан асқан ашу-ызаның екпінін аңғарған ақын іштей толқып, сан тарау сұраққа жауап іздейді. «Көк майса, жерің қайдадан» басталатын көп сұраққа ақын былай деп жауап қайтарады: *«Қой бағып, қасқыр қашан она қылған? // Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес. // Қайраған қолдан келмес, іске әуре боп, // Қорлыққа, тілімді алсаң, болма кездес! //*

Ақын бүгінде бұрынғы күнінен, өткен жолынан жаңылған жұртының қиын жағдайына жаны күйзеле отыра, оның арандап қалмауын тілейді. Ақынның бұл қаупі алдын болжаған көрегендікке ұласты. 1916 жылы жалаңдаған жазалаушы отряд ақ-қарасын айырып жатпастан халықты қылышымен турап, қазақты қанға бөктірді. Міржақып өлеңдері замана түрлеуіне орай, белгілі бір мақсат-мәнге ие болып отырады. Бұның бір мысалы — 1917 жылы ақ-қызыл боп айқасып, замана мың құбылған аумалы-төкпелі кезеңде, қазақ тізгінін кім ұстарын білмей дағдарған тұста, көктен түскендей көп көсем пайда болған уақытта жазылған «Қайда едің?». Кешегі елі үшін еңбек етіп, етігімен су кешкен ерлерді бұлаңдаған түлкі заман шетке қағып, жік-жікке бөлініп, адасқан жұртты бір тозақтан екіншіге итермелеген ендігі «қамқорлардың» шын бет пердесін ашуға үміт қылған өлең еді бұл. *// Кешегі қара күндерде, // Жұлдызсыз, айсыз түндерде, // Жол*

табылмай сенделіп, // Адасып алаш жүргенде, // Бұл күнгі көп көсемдер // Сұраймын сонда қайда едің? // Жеті шумақтан тұратын бұл өлеңдегі әр шумақ соңынан қайталанып отыратын сұрақтардың мәні тереңде. Олардың жауабы қазақ тарихының белді-белді кезеңдерін қамтиды. Ел басына күн туған кезде елінен екі елі ажырамай, көретінін бірге көріп, қапастан шығар жол іздеп шарқ ұрған өзі басшылығының бірі болған алаш тобы бүгінде жалалы болып, аласталып жатса, жазықсыз жаланы көре тұрып, ақында ашынбасқа шара бар ма?!

// Енді бүгін кім жаман? // Данышпан емес, кім надан? // Қамқор емес, кім жауыз? // Жомарт емес, кім сараң? // Көсем емес, кім жалтаң? // Шешен емес жоқ адам, // Бәрі білгіш, бәрі де ер, // Жеткіздің алла тағалам. //

Ақын өлеңі – адамдар арасындағы жай бақталастықты, өзара айтысты арқау етпеген, саяси астары кең, әлеуметтік мағынасы терең дүние. Міржақып сөзін арнаған «көсемдердің», «шешендердің», «данышпандардың» кімдер екенін оның кейінгі бір тұста жазылған мақаласынан тани аламыз. «Сарыарқа» газетінде «Мадияр» бүркеншік есімімен жарияланған «Кім қас, кім дос» атты мақалада: «Кешегі қаралы патша заманында бірі шоқынып миссионер болып, бірі елді алдап, жол тосып, жолаушы тонап соғылғандар» (1918, №31) деп, оларды бір сәт бас-басына атап өтеді.

Жалпы алғанда, Міржақып поэзиясы қазақ әдебиетінде алғаш болып, азатшыл сарынды алып келумен, өршіл рухтық үнді азаматтық пафосымен ерекшеленеді. Оның өлеңдері жадағай ақылгөйлік, мағынасыз үгіт, күнделікті тірлік күйбеңін жырлаудан аулақ. Әр өлеңі халқының бостандық пен теңдікке жетер бағытын айқындап, әр сөзі оқырман жүрегіне жол тауып жатуы осының нақты айғағы. Сондықтан да XX ғасыр бас кезіндегі әдебиет көшбасшысы Міржақып Дулатұлы өлеңдері елін тәуелсіздік жолындағы күреске ұмтылдырған өршіл сарынымен жұртының есінде мәңгілік қалар, ұлт азаттығын ұлықтаған ұлы ақын деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 бет.
2. Дулатұлы М. Бес томдық шыармалар жинағы: бірінші том: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер. – Алматы: «Мектеп» баспасы, ЖАҚ, 2002. – 368 бет.
3. Тілеулин Ж. «Оян, қазақ!» // «Қазақ», 1917, №247.
4. Торайғыров С. Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан. // «Айқап», 1913, №19, 22, 23.
5. Дулатұлы М. Тіл құралы. // «Қазақ», 1915, №112





Ömirhan Äbdimanuly

Qazaq Ülttyq Universitetiniñ profesory, Filologia ğylymdarynyñ doktory

AZATŞYL JYRDYŇ ALYBY

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласындағы күрделі қоғамдық-әлеуметтік жағдайды поэзиялық туындларында анық та айқын бейнелеп, ұлт-азатшыл идея ұстанымдарына қажетті ой-танымды ашық айта алған сөз өнері шеберінің бірегейі – Міржақып Дулатов. Ол – тек әдеби шығармашылықпен ғана айналысып қоймай, қоғамдық өмірдің бар саласында өзіндік із қалдырып, саңлақ санаткер, көрнекті қоғамдық-саяси қайраткер, ұлт азаттығы жолындағы күрескер ретінде де танылған тұтас тұлға. Сан қырлы дарын иесінің ел игілігі үшін жасаған ұланғайыр еңбегінің ішінде, әрине, әдеби шығармашылығының орны бөлек-ақ. Ақын әдебиетке «Оян, қазақ!» деп ұрандата келіп, өзінің тунғыс өлеңдер жинағымен қазақ поэзиясына намысты жанр жалынды жыр, сананы серпілтер отты өлең, азатшыл сарын әкелді.


Қажет кезінде, дәл уақытында халқының арман-мақсатының диттеген жерінен шыққан ақынның ойлы өлеңдері талай ұрпақтың жүрегінде жатталып, көңіл түпкірінен кетпестей боп орын тепкені анық. Ұзақ жылдар бойы тек қараланып ғана келіп, аты ашық түрде аталмаса да, ел есінде Міржақып есімі азаматтық пен күрескерліктің белгісіндегі бедерленіп қалған-ды.

Кейбір әдеби зерттеу еңбектерге өлеңдері сыналмай кырып, сыналды жатса да, сол сыңға алынған сағын үзінділердің өзінен-ақ Міржақыптың халық қасиетін жанымен түісініп, ұлт азаттығын шығармашылығының алтын арқауы еткені сезіліп-ақ қалатын.

Міржақыптың қазақ әдебиетіндегі орнын кезінде өз замандастары меілінше жоғары бағалап, халық үшін еткен еңбегін танымал та, танытып та кеткен. Мәселен, Мағжанның «Жауға түскен жанға» (МД-ға хат) өлеңіндегі мына жолдар соның нақты айғағы:

// «Оян!» – дедің жүртыңа, // Бас көтеріп, тірлік қыл!» // Ақыл аиттың ұлтыңа, // «Таста, талас, бірлік қыл ... // Кеңсек күнде қағазға, // Алтынмен жазар атыңды, // Құшақтап сүйер, қағазда, // Көрсе жазған хатыңды. // [1, 61-62 б.].

HH ғасырдағы қазақ әдебиетінің алып тұлғасы, ұлы ақын Мағжан өз ұстазын жасампаздық ғұмырына сәуегейлік танытып, тап басып, тауып айтқан. Бүгінгі күнде ақиық ақынның айтқаны айдан келіп отырған жоқ па?!



Mırjaqyp Dulatov – «Oian, qazaq!» atty alǵaşqy jinaǵynyń ózinen-aq aqyndyq önerdegi basty maqsaty men şyǵarmaşylyq baǵyt-baǵdaryn naqty ańǵartqan aqyn. Osynau alǵaşqy kitapqa epigraf retinde berilgen tórt jol óleńge qanşalyqty mән-maǵyna syiyp ketken deseñizshi!.. Sol tūstaǵy qazaq halqyn qūrсаuǵa alǵan tórt túrli kesepat түgel tızile көз aldyńyzǵa tūra qalyp, beineli suret otarşyldyqtyń toryna түскен санаǵa саñylau ашқандай:

// Көзіңді аш, oian qazaq, көтер basty, // Ötkizbei qarañǵyda beker jasty. // Jer ketti, dın naşarlap, hāl haram bop, // Qazaǵym, endi jatu jaramas-ty. // [2, 24 b.].

Osy tórt joldan aqynnyń бүкіл tynys-tırşılıǵynyń bolmysy tanyлǵандай. Elі әлǵіндеi күіде болǵанда, aqyn жүрегі qalai tebirenbei tūra alsyn. Үлт sanasyn өлеңмен «oiatuǵa» ümtылǵan aqyn negizgi, tüiindi мәselelerdi naqty aiqyndap, nazar salar түsty дәл meñzeidi. Älgі tórt kesepattan tuyndaityn zar-mүн бүкіл jinaqtyń ön boiyna özek boluy da sondyqtan.

«Oian, qazaqtaǵy» өлеңдерінде aqyn, eñ aldymen, bodan boludyń sebep-saldaryna üñilip, el-jүrtyn qasıretke jetelegen kesirli joldyń kezeңderin aiqyndaıdy. Sodan-soñ baryp, ült basyna üiirilgen qauıp бүltyn seiiltudiń «dauyldy» täsilдерin meñzeudi maqsat tütady. Mindet – eñ aldymen, el aǵalaryna oi түrtki salu. Үрпақ aldyndaǵy boryş kımge bolsa da oñai timesi belgili. Sondyqtan da aqyn oi-örisi өз qұлqynyn oilaudan әri aspaǵandardy qatty syñǵa alady. Bүndai sätterdegi Mırjaqyptyń ötkir de qatty sözderi mırdıñ oǵyндаi dittegen jerge дәл tiedi. // Qyzyǵyp qyzarǵanǵa ketkender көp, // Şen alyp, дәрежеge jetkenдеi bop. // Oilaidy өз paidasyn halyqty satyp, // Qazaqty eş kereksiz etkendei bop. //

«Şen alyp, şekpen kigenine» мәз болǵандардың tuǵan halqyn satyp, «kösegesin kögertip» jatqany aqyn janyn qalai örtemesin. Іштен шықан ozbyrlar eminuı syrtqy jaudan asyp түseri beseneden belgili. Aqynnyń olarǵa qatty şüilıguı de sondyqtan. Batyra aityp, көзge şūqu өз жүrtyn jek köruden tuǵan sezim emes, el qamyn jegen aqynnyń ашsy sözben jerine jetkize aityp, jaman qylyqtan jirendirip, jaqsy minezge beıimdeudi oilaǵan amal-qaraketi.

Täelsızdık küresindegi Mırjaqyptyń basty süiener tiregi – özi tektes, ойы үндес zialy qauym. Ol Älihandai, Ahmettei el tұлǵasyna ainalǵan aǵalary nūsqaǵan “aq jolǵa” senim artyp, ünemі ümit шыraǵyn jaǵyp otyrady. Aqynnyń el aǵalaryna degen ystyq yqylasy men qūrmeti “Önerin halyq paidasyna jүmsap жүrgen oqyǵandarymyzǵa” atty өleñinen körinis tapqan: // Jau жүрек, qyran közdi arystanym, // Jan qiyp, halqyń üşin qarysqanyń. // Qatardan qazaq

sordy qaldyrmasqa, // Bäigege üly dübir jarysqanyñ. //

Jürt qamyn jeke bas müddesinen joğary qoia bilgen azamattardyñ köşbassylyq kösemdigin asqaqtatudağy aqyn maqsaty – keingige ısı ülgі ült jaqsylarynyñ halyqqa etken eñbeginiñ erteñgi jemisine sendiru. Maqsat bir, tilek ortaқ bolğandyqtan aqyn olar atqarar üly mindeterdiñ ilkı bastaularyna ünemı sättilik pen jeñis tileidi. // Şeşen tıl parasattyñ saiasynda, // Etetin talmai qyzmet, danyşpanym, // Atqan oq, sermegen qol qata ketpei, // Tüskeidi tabanyña bar dūşpanyñ. //

Mırjaqyp Duatovtyñ “Oian, qazağy” men özge jinaqtaryndağy öleñderiniñ aғysy bir tūmadan bastau alyp, qūiylsy bir arnada toğysyp jatady. Öitkeni onyñ бүкіл шығармашыlyq örisi ült-azattyq ideia, ült-azatşyl kürespen bite qainasyp ketken.

Aqyn öleñderindegi saiasi ün өзge мәseleden basymdau түsip, ereкşelenip тұратyny шындық. Ärine, бүған қарап Mırjaqyp poeziasy ағартушыlyq mindetterden, әleumettık oi-jüieden алшақтап, тек saiasi үгіт jeteginde ketip qaldy deuge мүлde болмаidy. Onyñ шығармаларындағы өнер-білімге үндеу, әleumettık теңсіздік мәselelerin jyrlau saiasi көзқарасpen jymdasa kelip şeşimin tapqan. Aqynnyñ шығармашыlyq jasampazdyğynyñ ereкşeligi de osynda dep білеміз.

Kezinde «Oian, qazaqqa» orys äkimşildiginiñ asa qatty şüiliginin syry Mırjaqyp öleñderinen otarşyl saiasatty batyl synaudyñ körinis tauyp, bodandyqqa qarsy тұруға үндеgen үгіttiñ ашық түрde айтылуында болатын. Aqyn бұл бағытynan еш аinyған емes. Ol azattyq күresti өз туындylарына özekti taqyryp ete bildi.

Mırjaqyp poeziasyndağy azamattyq saryn aqyndyq шеберлікpen ұştasa kelip, oqyrmandy lezde üiytar oily da nәrlı ruhy biik ұранға ainalyp, көңіл түкпіrine qūiylp түsip jatady. Söitip jinaqtağy öleñder bir-birimen sabaqtasa kelip, bölınbes birtūtas бүтін дүниеге ainalyp sala beredi. Būnyñ özi onyñ öleñderindegi taqyryp aiasynyñ birligin tanytsa kerek-tı.

